

Жер участкесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Амангелді ауданы Амантоғай ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 8 тамыздағы № 2 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес, "Амангелді ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 86 бүйрүғымен бекітілген жерге орналастыру жобасы негізінде ШЕШТІМ:

1. "Қостанай облысы әкімдігінің құрылышы, сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне елді мекендердің жері санатынан Амангелді ауданы, Амантоғай ауылдық округі, Амантоғай ауылындағы бір қабатты бір пәтерлі тұрғын үйлерге сыртқы инженерлік желілер (көріз) салу үшін жалпы алаңы 0,0004 гектар жер участкесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Амангелді ауданының Амантоғай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауга жіберуді;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғанынан кейін Амангелді ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Амантоғай ауылдық округінің әкімі

Ж. Илиясов